

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

С. Н. Исаева

Т. Р. Сейдығалиев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҒЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

С. Н. Исаева

Т. Р. Сейдығалиев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҒЫ

Қазақша терминдер сөздігі

ҚАРАҒАНДЫ
2016

УДК 341.1/8(038)

БҚК 67.412.1я2

С 31

Пікір жазғандар:

А. Бөжқараұлы — Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты;

Р. Қ. Джембаев — Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы бастығының міндетін атқарушы, доцент, заң ғылымдарының кандидаты

Исаева С. Н., Сейдығалиев Т. Р.

С31 Халықаралық жария құқығы бойынша терминдер сөздігі. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016. — 34 бет.

ISBN 978-601-7536-98-5

Осы оқу құралы «Халықаралық жария құқығы» оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған. «Халықаралық жария құқығы» пәні бойынша терминологиялық сөздігі оқу құралы ретінде ұсынылады және оның ішінде халықаралық жария құқығында қолданылатын негізгі түсініктер жазылған. Құрал тыңдаушыларға ерекше көмек ұсынады, яғни халықаралық жария құқығы пәні бойынша емтихан тапсыруға әзірлік барысында бағыт көрсетеді және заңгерлердің болашақ тәжірибелік қызметіне қажет нақты жүйеленген білім алуына көмектеседі.

Құрал бірінші кезекте заң факультеті студенттері мен тыңдаушыларына және осы курсты өзіндік оқып үйренушілерге арналған.

ISBN 978-601-7536-98-5

УДК 341.1/8(038)

БҚК 67.412.1я2

© ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016

© Исаева С. Н., Сейдығалиев Т. Р., 2016

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі әлемдік саясаттың жағдайы әртүрлі үдерістермен сипатталады — бұл интеграцияға ұмтылу саяси қайшылықтардан өту, әртүрлі саяси жүйесі мен діни әдет-ғұрыптары бар мемлекеттерді бейбіт өмір кешуі бір жағынан, өткір қарама-қайшылықтармен қақтығысқа әкеп соғатын терроризм актісі, татуласпаушылық және басқыншылық болып табылады. Бұл жағдайда халықаралық жария құқығы ерекше құқықтық жүйе ретінде халықаралық қарым-қатынастарды реттеуге үлкен ықпал ететінін көрсетті. Жаһандандыру жағдайында, еуразиялық ықпалдасумен және бұл үдеріске Қазақстанның белсенді қосылуы кезінде келешекте құқық қорғау органдарының қызметкеріне және заңгерге халықаралық реттеудің мәселелерін білуі қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғандай Республикамен ратификацияланған халықаралық шарттар заңның алдында басым келеді және тікелей қолданылады, кейбір жағдайларда халықаралық шарттың қолданылуы үшін заңның жариялануы талап етіледі.

«Халықаралық жария құқығы» пәні бойынша терминологиялық сөздік оқу құралы ретінде ұсынылады және оның ішінде халықаралық жария құқығында қолданылатын негізгі түсініктер жазылған. Сөздікке 300-ден астам керекті түсініктер мен терминдер енеді және берілген оқу курсына жақсы меңгеру үшін үлкен маңызы бар.

Берілген сөздіктің негізі керекті сөзді іздеуді жеңілдететін және ақпаратты жедел қабылдауға мүмкіндік беретін әліпбилік тізбек принципіне сәйкес орындалған.

Берілген басылымның мақсаты «Халықаралық жария құқығы» курсына оқитын тыңдаушылар мен студенттерге әдістемелік көмек көрсетеді және нақты қазіргі халықаралық құқықтың негіздерін меңгеруге, әртүрлі құқықтық жағдайларға байланысты талқылау әдебін және білімді алуға көмектеседі.

Оқу құралы осы пәндер бойынша қолдануы мүмкін: Мемлекет құқық теориясы; Конституциялық құқық; Қылмыстық құқық; Қылмыстық іс жүргізу құқығы; Әкімшілік құқық; Қылмыстық атқару құқығы.

- А -

Ad hoc — тану түрі, осыған сәйкес мемлекеттер арасында ешқандай қатынастың болмауы, ерекше жағдайларда тану қажеттілігі туындайды.

Ad referendum — мемлекет үшін шарттың немесе оның мәтінімен келісу міндеттілігіне алдын ала келісу тәсілі болып табылатын, халықаралық шартқа шарты түрде қол қоюы.

Агреман — мемлекеттің нақты тұлғаны дипломатиялық өкілдіктің басшысы ретінде қабылдауға келісімі.

Агреманға сұрау салу — елші, өкіл немесе істерге тұрақты сеніп тапсырылған ретінде белгілі бір тұлғаны тағайындауға мемлекеттің келісуге сұрау салуы.

Агрессия (Басқыншылық) — 1. Белгілі бір мемлекеттің өзге мемлекеттің егемендігіне, аумақтық қол сұғылмаушылығына, не саяси тәуелсіздігіне қарсы қарулы күші. 2. Халықаралық қарым-қатынастардағы құқыққа қайшы күш қолдану.

Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары — мемлекеттің адам құқықтарының мемлекеттік регламентация дәрежесін анықтайтын, нормативтік минимум сапасын сипаттайтын, халықаралық тәжірибемен қазіргі әлеуметтік үдеріс тенденциясынан шығатын жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының адамзаттық стандарттары.

Адам құқықтары саласын реттейтін әмбебап қайнар көз — 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясы.

Адам құқықтарын құрметтеу принципі дербес принцип ретінде — СБСЕ-нің қорытынды актісінде бекітілген.

Адресаттық тану — қудалаудағы мемлекет және үкімет, қарсыласушы және ұлттық қарсыласу органдары.

Адьюдикация — халықаралық арбитраж, халықаралық сот және халықаралық конференция шешімімен аумақты иемдену тәсілі.

Азаматтық — жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы өзара құқықтар мен міндеттердің жиынтығын сипаттайтын тұрақты саяси құқықтық байланыс.

Азаматтық (жеке) құқықтар — адамға тумысынан тиесілі және оның нақты мемлекетке тиесілігіне байланысты емес табиғи және ажырамас құқықтары мен бостандықтарының жиынтығы.

Азаматтық мекендер — қарулы қақтығысқа заңды қатысушылар қатарына жатпайтын тұлғалар және соғыс әрекеттеріне тікелей қатыспаушылар.

Азаматтық таңдау — оптация.

Азаматтықтан айыру — тиісті тұлға немесе тұлға аталған мемлекетке қатысты тапсырумен, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қайшы келетін қызметпен айналысумен немесе мемлекеттің заңдарын өрескел бұзумен байланысты, олардың бастамасы бойынша шығарылатын, құзырлы мемлекеттік органдардың шешімі бойынша азаматтықты жоғалту.

Аккламация — халықаралық ұйымдар мен конференцияларда қолданылатын қол шапалақтаумен, репликалармен және т. б. түрде негізделген, дауыс берусіз шешімді қабылдау әдісі.

Аккредиттеу — бір мемлекеттен басқа бір мемлекетке ұсынып, дипломатиялық өкілдікті басқара отырып, осы өкілеттіктерді қабылдауға белгілі бір тұлғаға берілген процесі.

Аккреция — құрлық учаскелерімен жаңадан пайда болған мемлекет аумағының табиғи қосымша өсуі.

Алғашқы халықаралық әмбебап ұйым — Дүниежүзілік Телеграф Одағы.

Альтернат — нақты шарттасушы жаққа арналған халықаралық шарттың данасындағы жақтардың жалпы тізімінде осы жақтың аталымының, оның уәкілдері қолдарының, мөрдін, сонымен қатар шарттасушы жақтың тіліндегі шарт мәтінінің бірінші орында орналасуын және қол қою үшін сол жақтан орын қалдырылуын ұйғарушы ереже.

Ангария — бейтарап мемлекеттерге тиесілі кемелер мен өзге де көлік құрамын соғыс мақсатында, оның ішінде жылжымалы темір жол құрамын қоса алғанда, бірақ осы соғысушы тараптың аумағында жүрген соғысушы тараптың біреуінің пайдалануы.

Анклав — басқа мемлекеттің құрлықтық аумағымен немесе бірнеше мемлекеттермен толық қоршалған бір мемлекеттің аумағының бөлігі.

Аннексия — бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттің аумағын күштеп қосуы.

Антарктика — оңтүстік полюсті жағалаған Антарктида материгін қоса алғанда, сондай-ақ оған жанасып жатқан аралдар мен қайраң мұздықтары бар жер шарының үлкен көлемді ауданы.

Апартеид — адамзатқа қарсы бағытталған халықаралық қылмыс, Африканың тұрғылықты тұрғындарына қатысты ОАР үкіметімен өткізілген нәсілдік саяси сегрегация, кемсітушілік және озбырлық және т. с. с. XX ғасырдың 90 жылдардың басына дейінгі еуропалық емес нәсілге жүргізілді.

Апатридтар — азаматтығы жоқ тұлғалар, яғни қандай да бір мемлекеттің азаматтығы жоқ тұлғалар.

Апатридтардың құқықтық мәртебесі ұлттық заңнамада реттеледі — шетел азаматтары туралы заңнамада.

Апатризм (азаматтығы жоқ тұлғалар) — ешбір мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын тұлғалар.

Аралдар — сумен қоршалған және құйылу кезінде теңіз деңгейінен жоғары тұрған барлық жақтан құрғақ жердің табиғи пайда болуы.

Арктика — жердің солтүстік бөлігі, Тынық және Атлантикалық мұхиттардың бөлігін қамтитын, солтүстік поляр шеңбері шегінде Еуразия мен Солтүстік Америка материктерінің бөлігін, Солтүстік мұзды мұхитты алып жатқан жер шарының солтүстік полюсі.

Архипелаг — бір-біріне жақын орналасқан аралдар тобы.

Астрономиялық шекара — географиялық параллель және меридианмен сәйкес келетін шекара.

Атлантикалық Хартия — 1941 жылы қол қойылған.

Атгаше — кіші дипломатиялық лауазым.

Аумақты бейтараптандыру — белгілі бір аумақта немесе кеңістікте және оларды әскери операцияға арналған база ретінде қолданудағы әскери әрекеттерді жүргізуге шартты белгіленген тыйым салу.

Аумақтық теңіз ені — БҰҰ теңіз құқығы бойынша конвенциямен бекітілген 12 теңіз милы.

Аутентикалық мәтін — тараптармен өңделген және келісілген халықаралық шарттың соңғы мәтіні.

Ауызша жасалған халықаралық шарт — заң күші бар, егер мұны қол қоюшы тараптар таныған жағдайда.

- Ә -

Әмбебап сипаттағы ұйымдар — Біріккен Ұлттар Ұйымы. БҰҰ штабы. Нью-Йорк қаласында орналасқан.

Әрекетсіздік — халықаралық құқық субъектісі өзінің саналы әрекеттерімен құқықтары мен міндеттерін дербес іске асыруы.

Әскер заңдары және әдеп-ғұрыптары — соғыс уақытында бейтарап мемлекеттер және соғысушы мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар жиынтығы. Әскер заңдарды және әдеп-ғұрыптарды бұзған мемлекеттер саяси және материалдық жауапкершілікке тартылады, ал осы заңдарды бұзған кінәлілер әскери қылмыскер болып танылады және жеке қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Әскери әрекеттер қатысушылары — жүйелі қарулы күштердің жеке құрамы, басып алынбаған аумақ мекендері.

Әскери әрекеттер қатысушылары — комбатанттар, комбатанттар емес (қараңыз).

- Б -

2015 жылы 23 қыркүйектегі БҰҰ мүшелерінің саны — 193.

Бас Ассамблеяның маңызды сұрақтар бойынша шешімі Ассамблея мүшелерінің $\frac{2}{3}$ қатысушыларының дауыс беру кезінде қабылданады.

Баспана құқығы — мемлекетінде саяси қызметі үшін қудаланушы шетел азаматына кіруге және тұруға өзінің аумағында мемлекеттің рұқсат ету құқығы.

Биоцид — тек адамға және өзге де тірі тіршіліктерге қарсы толығымен бағытталған адамзатқа қарсы халықаралық қылмыс және жаппай жою қаруы арқылы адамдар мен тірі табиғатты қасақана және жаппай жоюды білдіреді.

Бипатридтар — екі немесе бірнеше азаматтығы бар тұлға.

Блокада — қоршауға алынған объектіні оның сыртқы байланысын бұзу арқылы оқшаулауға арналған әскери әрекет.

Бойкот — мемлекетпен қатынастың толық немесе ішінара тоқтатылуымен байланысты экономикалық және саяси күрес құралы (экспорт және импортқа эмбарго енгізу, кемсітушілік баждар орнату).

Босқындар — соғыс әрекеттері немесе төтенше жағдайлардың салдарынан өздері тұрып жатқан мемлекеттерін тастап кеткен тұлғалар. Басты категорияны өздерінің бұрынғы тұрғылықты жерінде тұрған саяси босқыншылар орын алады.

БҰҰ басты органдарының жүйесі — Бас Ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, ЭКОСОС, Қамқоршылық жөніндегі кеңес, Халықаралық сот, Хатшылық.

БҰҰ бірінші Бас Хатшысы — Трюгве Ли.

БҰҰ жарғысы — 1945 жылы 26 маусымда Сан-Францискода қол қойылды.

БҰҰ Қарулы күштері — БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша және оның басшылығымен БҰҰ Жарғысына сәйкес құрылатын және қолданылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының мүше-мемлекеттерінің бірлескен қарулы күштері. Олар халықаралық бейбітшілікті қолдау мен орнатуға және бейбітшілікке қауіп төнгенде, бейбітшілік бұзылғанда немесе агрессия жағдайында басқа әдістер жеткіліксіз болғанда қолданылуы мүмкін.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі — Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты әрекет етуші органы, ондағы БҰҰ жарлығының 24-ші бабына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға басты жауапкершілік жүктелген. БҰҰ алты «басты органының» қатарына жатады. Мүшелер саны — 15 (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері — 5 АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Франция және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелері — 10).

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі егер дауда тарап болып табылған жағдайда шешімді қабылдау кезінде дауыс беруден қалыс қалуы қажет.

БҰҰ мамандандырылған мекемелері — ынтымақтастық туралы арнайы келісімдегі Біріккен Ұлттар Ұйымымен байланысты дербес халықаралық ұйым. Мамандандырылған мекемелер үкіметаралық келісімдер негізінде құрылады.

БҰҰ Халықаралық сот судьясының өкілеттік мерзімі — 9 жыл.

БҰҰ шеңберіндегі ұжымдық қауіпсіздіктің негізгі әрекеті келесі іс шаралармен анықталады — қарусыздану шаралары, комбатанттар мен

комбатанттар емес арасындағы әскери қақтығыстарды жою бойынша шаралар, мәжбүрлеу шаралары.

- қарулы күшті қолдану және қолданбау түріндегі мәжбүрлеу шаралары, құқық бұзушылықтың жолын кесу бойынша уақытша шаралар, аймақтық қауіпсіздік ұйымдарының шаралары.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы — 1945 жылы БҰҰ-ның жарғысымен бекітілген Біріккен Ұлттар Ұйымының бас кеңесу, нұсқаушы және өкілді органы. Ассамблея Біріккен Ұлттар Ұйымының 193 мүшесінен тұрады және Жарғыда көзделген халықаралық мәселелердің барлық спектрінің жан-жақты талқылануына қызмет етеді.

БҰҰ-ның Бас хатшысы — БҰҰ-ның бас лауазымды тұлғасы. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясымен 5 жылға 2 мерзімнен артық емес тағайындалады (қазіргі уақытта Пан Ги Мун).

БҰҰ-ның халықаралық соты — едәуір беделді халықаралық сот органы, БҰҰ бас сот органы. БҰҰ жарлығының бөлігі болып табылатын, Статут негізінде әрекет етеді. БҰҰ-ң мүше-мемлекеттері ipso facto — халықаралық сот статутының қатысушылары. Статуттың қатысушылары БҰҰ мүшесі болмайтын мемлекеттер де қатысушылары болуы мүмкін (Лихтенштейн, Сан-Марино). Соттың құрамында әлемнің барлық негізгі құқықтық жүйелері болуы қажет. БҰҰ халықаралық соты Гаага қаласында орналасқан.

- Г -

Геноцид — ұлттық, этникалық, топтық немесе діни топтарды жалпылай немесе жартылай жою ниетімен жасалынатын әрекеттер.

Геометриялық шекаралар — жергілікті жердің рельефін есепке алмай, табиғи немесе жасанды бағытымен қосатын түзу сызық бойынша өткізу.

- Д -

Дауларды шешудің халықаралық құқықтық бейбіт тәсілдері — келіссөздер, «жақсы қызмет көрсету», «делдалдық», келісу процедурасы.

Дауыс беру — халықаралық ұйымдарда немесе халықаралық конференцияларда дайындалған мәтінді қабылдау.

«Дауыс берудің өлшемді» ережесі деп — мүшелер салымының санына байланысты дауыс беру.

Дезавуирование — өзінің дипломатиялық өкілінің іс-әрекетін үкіметпен немесе мемлекеттің өзге де құзырлы органымен теріске шығару.

Декларативтік тану теориясы — халықаралық құқықтың жаңа субъектісі пайда болуы фактісінің негізін қалайды және онымен байланысы іске асуын жеңілдетеді.

Делдалдық — келіссөзде мемлекеттердің дауларында дербес қатысушы болып қатысатын үшінші тұлғаны таңдауы.

Демарш — бір мемлекеттің сыртқы қатынас органдарының басқа мемлекетке қатысты төтенше жағдайда сөз сөйлеуі.

Демилитаризация — белгілі бір аумақтың немесе кеңістік аясының шартты белгіленген халықаралық-құқықтық режимі, оларды бейбітшілік уақытында соғыс мақсатында қолдануға тыйым салынады.

1. белгілі бір аумақтағы әскери бекіністерді жою, сонымен қатар сол аймақтағы әскери қорғаныс күштерін шығару.

Денатурализация — басқа мемлекетте тұлғаны қол астына алу кезінде азаматтықтан шығуы.

Депозитарий — халықаралық шарттың нағыз мәтінін сақтаушы.

Депонирование — халықаралық шарттың түп нұсқасын депозитарийге сақтауға беру.

Депортация — тұлғаны (халықшылық, ұлтшылдық) басқа мемлекетке мәжбүрлеп жер аудару.

Де-факто тану — ресми тану, бірақ толық емес.

Де-юре тану — толық және соңғы, толық заңды тану.

Диплом — екі бүктелген балауыздалған талқыламасынан тұратын, елшіге берілетін мадақтама.

Дипломатия — халықаралық құқықпен рұқсат етілген тәсілдер мен әдістер арқылы мемлекеттердің сыртқы саясаттарын жүзеге асыру құралы.

Дипломатиялық артықшылықтар — дипломатиялық өкілдердің және олардың қызметшілерінің жұмысын жеңілдетуге бағытталған қосымша жеңілдіктер мен артықшылықтар.

Дипломатиялық баспана — шетел дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық өкілдік тұратын жерде, сонымен қатар шетел әскери кемесінде саяси себептер бойынша қуғындаудан қандай да бір тұлғаға жасырыну мүмкіндігін беру.

Дипломатиялық және консулдық құқықтың негізгі қайнар көздері — дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы, консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы, арнайы миссиялар туралы конвенция.

Дипломатиялық иммунитет (қол сұғылмаушылық) — мекендеген мемлекетте оның заңдары мен ережесін бұзғаны үшін ішкі құқықпен көзделген жергілікті юрисдикциядан босатылған, оларға мәжбүрлеу шаралары қолданылмайтын шетел мемлекеттерінің дипломатиялық агенттерінің ерекше құқығы.

Дипломатиялық корпус — берілген мемлекетте тіркелген дипломатиялық өкілдік басшыларының жиынтығы. Кең мағынада дипломатиялық өкілдік дегеніміз бұл берілген мемлекеттегі тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық қызметкерлері, сонымен қатар олардың отбасы мүшелері.

Дипломатиялық курьер — дипломатиялық пошта тасымалдау тапсырылатын ресми тұлға.

Дипломатиялық курьер — дипломатиялық поштаны беру және жеткізу, сақталуын қамтамасыз ету жүктелген және қай жерде болмасын өзінің миссиясымен мемлекеттің ресми қатынас орнатуда қолданылатын ad hoc курьер ретіндегі адам.

Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясы қабылданды — 18.04.1961.

Дипломатиялық қорғау — шетел мемлекетімен бұзылған құқықтарын дипломатиялық каналдармен іске асыратын өзінің азаматтарының мемлекетпен қорғалуы.

Дипломатиялық құқық — мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің құқықтық мәртебесін реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар жиынтығы.

Дипломатиялық құқықтағы сыртқы қатынастық шетел органдары — дипломатиялық және консулдық өкілдіктер, сауда өкілдіктері, халықаралық жиналыстар мен конференциялардағы делегациялар, арнайы миссиялар. Олар екі түрге бөлінеді — тұрақты және уақытша.

Дипломатиялық миссия — елшімен, тұрақты іске сенімді адаммен басқарылатын тұрақты дипломатиялық өкілдік.

Дипломатиялық өкілдік (дипөкілдік) — мемлекеттердің сыртқы қатынастарының шетелдік органдары. Мемлекет арасындағы өзара келісім негізінде құрылады. Құрған мемлекет атынан өзін танытады. Көбінесе дипломатиялық қарым-қатынасты қолдауға қызмет етеді.

Дипломатиялық өкілдік басшысы (дипломатиялық өкіл) — барлық мәселелер бойынша өз мемлекетін мекендеген мемлекетте ұсынатын жалғыз адам. Ол мекендеген мемлекетінде осы мемлекеттің басқа тұрақты өкілдеріне қарағанда жоғарғы өкіл болып табылады. 1961 жылғы дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясы дипломатиялық өкілдер басшыларының жіктелуін келесідей белгіледі: елшілер және папалық нунциялар; уәкілдер және интернунциялар; іс бойынша сенімді өкіл.

Дипломатиялық өкілдік қызметтері — орналасқан мемлекетте тіркелген мемлекеттің өкілдігі; орналасқан мемлекеттің тіркелген мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін қорғауы; орналасқан мемлекеттің үкіметімен келіссөздер жүргізу; орналасқан мемлекетте жағдайлар мен оқиғаларды барлық заң тәсілдерімен анықтау және олар туралы өз үкіметіне хабарлау; тіркелген мемлекет және орналасқан мемлекет арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және экономика, мәдениет және ғылым саласындағы олардың өзаралық қарым-қатынасын дамыту.

Дипломатиялық өкілдік түрлері — елшілік және миссиялар.

Дипломатиялық өкілдіктің артықшылықтары мен иммунитеттері — тұрғылықты жерге қол сұғылмаушылық, санитарлық иммунитет, ту мен эмблеманы қолдану құқығы.

Дипломатиялық өкілдіктің функциясы осы жағдайларда тоқтатылады — шақыртып алу, *persona non grata*, дипломатиялық қатынастың үзілуі, әскери жағдай.

Дипломатиялық ранг — дипломатиялық қызмет ережесіне қатысты және берілген мемлекеттің заңдарына сай дипломатқа жеке рангі беріледі.

Дисмил — дипломатты жеке тұлға ретінде жариялау.

Дуайен — дипломатиялық корпусстың хаттамалық басшысы.

Дуалистік теорияның негізін қалаушы Трипель берілген теория — халықаралық және ұлттық құқық бір-бірінен алшақ болатын дербес құқық жүйесі екендігін пайымдаған.

- Е -

ЕҚЫҰ төрағасының өкілеттік мерзімі — 1 жыл.

Елді мекендер бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасы — БҰҰ елді мекендерді тұрақты дамытуға жәрдемдесу бойынша бағдарламасы. 1978 жылы құрылған. Ұйымның Штаб-квартирасы Найроби (Кения) қаласында орналасқан.

Елші — дипломатиялық миссияны басқаратын дипломатиялық өкіл.

Елшілікті — төтенше және өкілетті елші басқарады.

Ерекше экономикалық аймақ — бұл аумақтық теңіз шегінен шығатын және оған жанасып жатқан теңіз ауданы, оған сәйкес құқықтары мен юрисдикциясы ерекше құқықтық режимге жатқызылады, ал басқа мемлекеттердің тең құқықтары мен бостандықтары ұлттық заңмен және халықаралық құқық нормаларымен реттеледі.

Ерікті қала — бір ғана қаладан тұратын беделі мүдделі мемлекеттердің келісімімен берілген ерекше мемлекеттік құрылым. Бұл мәртебені Краков (1815—1846 жж.), Данциг (1920—1939 жж.) қолданды.

Ескертпе — қол қою, бекіту, шартты қабылдау немесе бекіту кезінде мемлекетпен жасалған немесе оған қосылу кезінде мемлекеттің бір жақты кез келген жобада және кез келген атауда жария етуі. Сол арқылы берілген мемлекетке қолданудағы шарттың белгілі бір ережесінің заңдық әрекетін алып тастауды қалайды.

- Ж -

Жабық халықаралық шарт — шартқа қатысушылар шеңберінің қандай да бір өлшемдермен шектелгені.

Жалдамалы (наемник) — қақтығысқа немесе әскери әрекеттерге қатысатын мемлекеттің азаматы болып табылмайтын, оның аумағында тұрақты тұрмайтын, сонымен қатар ресми міндеттемелерді атқаруға бағытталмаған, материалдық сыйақыны алу мақсатында әрекет ететін адам.

Жалпы құзыретті мемлекеттік ішкі органдар — мемлекет басшысы, үкімет басшысы, сыртқы істер министрлігі мемлекет атынан барлық мәсе-

лелер бойынша айналысады. Халықаралық құқыққа сәйкес арнайы өкілеттіксіз олар өзінің мемлекетінің өкілдігін *ex officio* (лауазым бойынша) іске асырады. Сыртқы қатынастың мемлекеттік ішкі органдарының арнайы құзыреті мемлекетті оның халықаралық байланыстарының қандай да бір аясында қарастырады.

Жарғы — халықаралық ұйымның құрылтай актісінің ережесі негізделетін құжат.

- И -

Имплементация — халықаралық-құқықтық және халықаралық құқықты орындау үшін мемлекеттік ішкі нормалардың жүзеге асырылуы, сонымен қатар халықаралық және мемлекеттік ішкі деңгейде мұндай жүзеге асыруларға жағдайлар жасау.

Инсуррекция — дипломаттың қандай да бір себептер бойынша өзінің қызметін орындаудан бас тартуы. Дипломатиялық өкілдің уәкілеттігін тоқтатудың негізі ретінде қызмет етеді.

Интервенция — БҰҰ жарлығының мақсаты мен принциптеріне сай келмейтін мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне және басқа бір әрекетімен қарсы бағытталған бір немесе бірнеше мемлекеттің өзге мемлекеттің ішкі ісіне күш көрсету арқылы араласуы.

Интернирование — әскери қақтығысқа байланысты соғысушы немесе бейтарап тараптар арқылы шетел азаматтарын ерекше қоныс жерлеріне мәжбүрлі түрде шығару.

- К -

Казус белли — мемлекеттер арасындағы соғыс туындаудың тікелей формальді себебі.

Келесі терминология халықаралық экономикалық құқықта ерікті экономикалық аймақ, несие, клиринг кездеседі.

Келісім шарт жасаудың қорытынды сатысы — шарттың мәтініне қол қою.

Клаузула — халықаралық құқықтағы ерекше жағдай.

«Клерная телеграмма» — тұлғаның өкілеттік көлемін ұзартуды растайтын құжат.

Кодификация (жіктеу) — халықаралық құқық субъектілерімен жүзеге асырылатын халықаралық-құқықтық нормаларды жүйелендіру.

Комбатанттар — қақтығысқан жақтардың қарулы күштерінің құрамына енетін және әскери қимылдарға қатысуға құқығы бар тұлғалар.

Коммюнике — халықаралық сипаттағы оқиғалар туралы ресми хабарлама.

Конвенция — көп жақты келісім қатысушылары бекітетін шарт.

Консенсус — халықаралық ұйымдар мен халықаралық конференцияларында шешімдерді дайындау және қабылдау рәсімі, қабылданатын шешімге қарсы формальді қарсылықтың болмауы және дауыс берусіз келісу жолымен болуы.

Консул — ұсынылатын мемлекеттің құзырлы органымен тағайындалған және мекендеген мемлекетте танылған лауазымды тұлға.

Консулдық корпус — берілген консулдық округте орналасқан барлық шетелдік консулдар жиынтығы. Консулдық корпус басшыдан тұрады (консул, экзекватураны алған уақыты және сыныбы бойынша аға консул).

Консулдық құқық — мекендейтін мемлекеттерге қатысты ұсынылған мемлекеттің мүдделерін қорғау бойынша консулдық мекемелердің қызметін реттейтін халықаралық құқықтық нормалар жиынтығы.

Консулдық мекеме — өз мемлекетінің, оның азаматтарының және ұйымдарының мүдделерін қорғау бойынша консулдық қызметті атқаратын және тиісті халықаралық келісімге сай шетел мемлекетінің аумағында орналасқан сыртқы қатынастағы тұрақты мемлекеттік орган.

Консулдық патент — консулдық міндеттің орындалуына қабылдаушы мемлекет тарапынан арнайы рұқсаты — экзеватураны алу үшін құжат мекендеген мемлекетіне жолданады.

Консулдық экзекватура — консулдық аймақ шегіндегі қызметтерін орындауға орналасқан мемлекеттің сыртқы қатынас ведомстволары арқылы консулдық кеңселерге беретін рұқсаты.

Консулдықтың лауазымды тұлғасы — консулдық мекеме басшысын қоса алғандағы тұлға, оған осы ретте консулдық қызметті атқару жүктелген.

Континенталдық шельф — анықталған егемендік құқығын жүзеге асыратын шектес мемлекеттің аумақтық сулармен ұштасып жатқан мұхиттың төменгі қабаты, сонымен қатар ондағы жер қойнауы.

Контрибуция — жеңуші мемлекеттің ол оның жәбірленуші немесе күш қолданушы мемлекет болуына байланысты емес «әскери шығындардың орнын толықтыру» салуы.

Конфедерация — мемлекеттердің халықаралық-құқықтық бірлесуі. Бұл ортақ мәселелерді шешуге арналған жалпылық заңды түрде жиылысатын орган құратын одақтас мемлекеттер емес, мемлекеттер одағы болып табылады.

Концессиондық шарт — мемлекеттің табиғи байлықтарды, кәсіпорындарды және т. б. объектілерді белгілі бір жағдайларда шетел фирмаларына пайдалануға тапсыру шарты.

- Қ -

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық субъектісі 1992 жылдан бастап.

Қайырымдылық қызметтер — дау-дамайдағы мемлекеттердің өтініші немесе өз бастамашылығы бойынша мәселені реттеу процесіне дауға қатыспайтын тараптың дауларды шешу тәсілі.

Қарулы қақтығыс түрлері — халықаралық қарулы қақтығыстар, халықаралық сипаттағы емес қарулы қақтығыстар.

Қауіпсіздік Кеңесінің рәсімдік мәселелер бойынша шешімі қабылданды деп есептеледі, егер оларға кез келген 9 мүшесі дауыс берсе.

Қол қою — мемлекеттердің және халықаралық құқықтың өзге де субъектілерінің келісуін білдіретін тәсіл.

Құқық жалғастырушы (континуитет) — құқықсабақтастығының ерекше әр түрлілігін білдіреді, мемлекетті бөлу кезінде заңдық, тәжірибелік және саяси жағынан байырғы құқықты иелену ретінде бір мемлекет қана танылуы мүмкін.

Құқық қабілеттілік — халықаралық құқық субъектісінің субъективтік құқығының болуы және заңдық міндеттерді орындау қабілеті.

Құқық мирасқорлығы — екі халықаралық шартта реттелген:

1. 1978 жылғы халықаралық шарттарға қатысты мемлекеттердің құқық-сабақтастығы туралы мемлекеттің құқық мирасқорлығы туралы Вена конвенциясы.

2. 1983 жылғы мемлекеттік меншік, мемлекеттік мұрағат пен мемлекеттік қарыздарға байланысты мемлекеттердің құқықсабақтастығы туралы Вена конвенциясы.

Құқық сабақтастығы — бір мемлекеттен екінші мемлекетке құқықтар мен міндеттердің ауысуы. Құқық сабақтастығы, әдетте әлеуметтік революция, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуынан, аумақтың ауысу нәтижесінде жаңа мемлекеттердің (қауымдастық, бөлініс) пайда болуынан туындайды.

Құқық сабақтастығының объектісі — халықаралық шарт, аумақ, шекаралар, мемлекеттік меншік, қарыз, мұрағаттар, халықаралық ұйымдарға мүшелік, мемлекеттің активтері мен пассивтері.

Құқыққа түсінік беру — бұл халықаралық құқықтағы басқа нормалармен байланысты берілген жағдайға қатысты норманың мазмұнын анықтау процесі.

Қылмыскерді ұстап беру — экстрадиция, сұрауы немесе өтініші бойынша бір мемлекеттің басқа мемлекетке қылмыс жасаған немесе сезіктіні қылмыстық қудалауды немесе үкімді орындау үшін ұстап беруі.

Қылмыспен халықаралық күресу — жеке тұлғалармен жасалған белгілі бір түрдегі қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығы.

- М -

Мемлекет тәріздес құрылым — халықаралық акт немесе халықаралық тану негізінде өзіндік халықаралық-құқықтық мәртебесі бар ерекше саясидіни, тарихи және саяси аумақтық бірлік.

Мемлекет шекарасы — мемлекеттің егемендігі жүретін жер және су аймақтары, әуе кеңістігі жер қойнауының сыртқы шегін анықтайтын құрылыстағы және судағы табиғи жалғастырылған немесе көрсетілген меже.

Мемлекеттердің аумақтық тұтастық принципі алғаш рет — СБСЕ-нің қорытынды актісінде бекітілген.

Мемлекеттердің құқықсабақтастығы — революция, жаңа мемлекеттер пайда болуы, басқа да негіздер нәтижесінде бір мемлекеттен екінші мемлекетке құқықтар мен міндеттердің көшуі.

Мемлекеттердің шарттық тәжірибесінде джентельмендік келісім қолданылады — халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы ауызша түрдегі келісім ретінде.

Мемлекетті тану — аумақтық өзгерістер; әлеуметтік революция; мемлекеттің өзін-өзі басқару кезінде мүмкін.

Мемлекетті тану — жаңа мемлекетті басқа мемлекеттердің үкіметтерінің халықаралық құқықтың жеке субъектісі ретінде тану. Халықаралық қатынасқа қатысатын және басқа мемлекеттермен байланысты жаңа мемлекеттің кіруі бұған өзінің позитивті қатынасын білдіреді.

Мемлекетті тану актісін назарға алу — халықаралық құқықтың жаңа субъектісінің пайда болуына маңыз беру, бұл — танудың конститутивтік теориясы.

Мемлекеттік аумақ — шекарасы халықаралық құқық принциптерімен сәйкес белгіленген және тиісті халықаралық келісімдермен бекітілген белгілі бір мемлекеттің егемендігінде болатын жер шарының бір бөлігі.

Мемлекеттік аумақтың құқықтық режимі — аумақтық объектілердің шеңберінде мемлекеттің юрисдикциясын және аумақтық үстемдігін, егеменді құқығын реттейтін және іске асыруға жұмылдырылған халықаралық және мемлекеттік ішкі құқықтың заңдық жасалған нормалар жүйесі.

Мемлекеттік аумақтың құрамдас бөлігі — құрлық кеңістігі, су аумағы, жер қойнауы, әуе кеңістігі, квази аумақ.

Мемлекеттік егемендік — мемлекеттің өз шекарасының шегінде үстемдігі және халықаралық істердегі дербестігі.

Мемлекеттік меншікке қатысты құқықсабақтастық сұрағы — ядролық қаруға қолданылмайды.

Мемлекеттік шекараны өзгерту тәсілдері — делимитация, демаркация.

Мемлекеттің әуедегі аумағы — мемлекеттің құрлықтағы су аумағының үстіндегі орналасқан әуе кеңістігі сол мемлекеттің территориясына енеді. Мемлекеттің әуедегі шекарасынан 100—110 км биіктікте орналасқан.

Мемлекеттің халқы — азаматтар, шетел азаматтары, бипатридтер, апатридтер.

Миссия атқару институты — бір мемлекеттің өзінің аппараты арқылы басқа мемлекетке халықаралық өкілдігі, ең алдымен көп жағдайда аталмыш тұлға бірнеше мемлекетті ұсынады, яғни үшінші мемлекетте өзін және кейбір басқа мемлекеттерді.

Мораторий — белгілі бір кеңістікте немесе уақытша шектерде халықаралық құқық субъектілерінің қандай да бір іс-әрекетінен қалыс қалу немесе кейінге қалдыру.

- Н -

Натурализация (қол астына алу) — мүдделі тұлғаның өтініші бойынша қандай да бір мемлекеттің азаматтығына қабылдау.

Некомбатанттар — қаруды тек өзін-өзі қорғау мақсатында қолданатын, тек қызмет көрсету мен жауынгерлік қызметті қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыратын, қарулы күштер құрамына кіретін тұлғалар.

Нота — дипломатиялық хат алмасу құжаты.

Нотификация — өкілмен, халықаралық ұйыммен немесе оның лауазымды адамымен нотаны немесе басқа құжатты мемлекеттің қандай да бір халықаралық сұрақтар бойынша көзқарасын бағыттау, сыртқы істер министрлігінің ресми дипломатиялық хат алмасу құжаты.

- О -

Оптация — азаматтықты таңдау (таңдау арқылы азаматтық алу).

- Ә -

Әзаралық кеңесу — бұл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды дамыту, дауларды шешу құралдарын және оны жақсарту тәсілін көздейтін әртүрлі келіссөздер жүргізуі.

Әкілеттігін ұсынбай-ақ халықаралық шарт бекітіледі — мемлекет басшысымен, үкімет басшысымен, сыртқы саяси ведомство басшысымен, дипломатиялық өкілдік басшысымен.

Өкілеттілік сертификаты — келіссөздер жүргізу, шарттың мәтінін қабылдау немесе оның ресми құжаттың түпнұсқасымен бірдей екендігін белгілеу мақсатында мемлекеттің құзырлы органынан таралатын және ол арқылы бір немесе бірнеше тұлғалар бұл мемлекетті ұсынумен тағайындалатын құжат. Шартқа қатысты кез келген өзге актіні жасау мақсатында басқа мемлекетке өзіне қатысты осы шарттың міндеттілігі үшін келісімін білдіру.

- П -

Парламентер — жаумен келіссөз жүргізуге әскери қолбасшымен уәкілеттелген адам.

Персона нон грата — жағымсыз тұлға.

Плебисцит — қандай да бір сұрақ бойынша халықтың ой-пікірін анықтау мақсатында сұрау.

Преамбула — халықаралық шарттың кіріспе бөлімі.

Преференциялар — бір мемлекеттің басқа мемлекетке ұсынатын сауда кезіндегі жеңілдіктері.

Пролонгация — халықаралық шартты ұзарту.

Промульгация — халықаралық шартты жариялау.

- Р -

Ратификация — халықаралық шартты жоғарғы заңшығарушы органың бекітуі.

«Ратификация», «қабылдау», «бекіту» — халықаралық актінің осындай атауы жағдайға байланысты аталатындығын білдіреді. Оның көмегімен мемлекет халықаралық жоспарда өзіне шарттың міндеттілігіне келісім береді.

Реинтеграция — бұрынғы азаматтығы бар тұлғаны қандай да бір мемлекеттің азаматтық бойынша қалпына келтіруі.

Репарация — жәбірленуші тарапқа шығынның ақшалай немесе басқа да материалдық көмегін білдіреді; күш қолданудан жапа шеккен мемлекетке материалдық залалдың орынын ақшамен немесе заттай төлеуі.

Репрессалии — басқа мемлекетпен күш қолдану арқылы өз құқықтарының қайта орнатуға мемлекет тарапынан бағытталған құқықтық мәжбүрлеу әрекеттері.

Реституция — 1) жасалған құқық бұзушылыққа дейінгі жағдайды қалпына келтіру; 2) әскери қарсыласы болып табылатын бір мемлекеттің басқа мемлекеттің аумағынан заңсыз жаулап алынған немесе алып кеткен мүлігін қайтару.

Реторсия — басқа мемлекеттің қырғи-қабақ, кемсітушілік әрекеттеріне жауап қайтару ретінде мемлекеттің құқыққа сай мәжбүрлеу әрекеті.

- С -

Сатисфакция — құқық бұзған мемлекет құқығы бұзылған мемлекетке қанағаттанарлығын білдіру туралы халықаралық құқықтық жауапкершіліктің бір түрі.

Сатисфакция — құқық бұзушылықтың қайталанбауы, болған іс жағдайға байланысты өкініш білдіру, деликтіге нақты кінәлілерді жазалау, өзге де моралдық қанағаттандыру түрлеріне тиым салу бойынша жәбірленуші тарапқа қатысты куәландыратын кешірім сұрау.

Сенім грамотасы — дипломатиялық өкілдік басшысына немесе елшіге оның мемлекет басшысымен қол қойылған және сыртқы істер министрімен тіркелген олармен тапсырылған құжат, дипломатиялық өкілдік басшысының қызметінің заңдық негізі.

Соғыс жүргізу ережесі — Гаага конференциясында қарастырылды.

Соғыс жүргізу құралдары — зиян келтіру және қарсыласты жеңу үшін қарулы күштермен қолданылатын қару және басқа да құралдар.

Соғыс жүргізудің опасыз әдістері — қарсыластың сенімін келтіру және оны сендіру, оның халықаралық құқықтың нормаларына сай қорғану құқығы бар екендігін білдіретін бағытталған іс-әрекеттер.

Соғыс құрбандары — әскери тұтқындар, жараланғандар, науқастар, азаматтық адамдар.

Соғыс тұтқындары — соғысушы бір мемлекеттің қарулы күштеріне кіретін азамат соғыс қимылдары кезінде қарсы жақтың қолына түскен, соғыс біткенге дейін сол мемлекеттің қарамағында болатын тұлға.

Су аумағы — су, өзен, көл, жасанды су қоймасы және су жолдарымен, сонымен қатар берілген мемлекеттің жағалауын шаятын теңіздік, ішкі, аумақтық сулармен қалыптасады.

Субституция — жәбірленген субъектіге жоғалғанның орнына мағынасы мен құны бойынша бірдей объектілерді табыстау.

Сыртқы қатынастардағы мемлекеттік ішкі органдар — мемлекет басшысы, парламент, үкімет, сыртқы істер ведомствосы.

- Т -

Тану нысандары

1) **де-юре (de jure)** — шетел кемелері юрисдикциясынан иммунитетте болатын шекарадан тыс жүрген мемлекеттің өзінің мүлкімен, жинақтарымен және өзге де құндылықтарымен иемдену құқығы танылатын ресми қатынастар белгіленетін толық көлемде тану. Де-юре тану дипломатиялық қатынастар орнатады.

2) **де-факто (de facto)** — мемлекеттердің халықаралық байланысының бір салаларынан қатынас келісім бойынша белгіленеді (консулдық, сауда-экономикалық). Уақытша, өтпелі сипатта болады. Де-факто танылуы — берілген мемлекет немесе үкіметтің жеткілікті ұзаққа баруына және өмірге қабілеттігіне сенімсіздік білдіру.

3) фактілік нысан немесе (ad hoc) танымы — нақты жағдайда және тек ол үшін ғана тану. Бұл тану түрі келешек қатынастар үшін заңдық база құрмайды. Мемлекет немесе үкімет қандай да бір нақты мәселелерді шешу үшін бір-бірімен мәжбүрлі түрде ресми қарым-қатынасқа түседі, бірақта бір-бірін танығысы келмейді.

Танудың заңдық салдары — ынтымақтастыққа арналған құқықтық шарт құру; халықаралық шартқа отыру және дипломатиялық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі; ұлттық заңнаманы мемлекеттердің тануы; соттық иммунитеттің болуы; құқықсабақтастық мәселелерін шешу.

Татуласу — соғысушы тараптардың келісімі арқылы уақытша әскери әрекетті тоқтату.

Тең құқықтық принцип алғаш рет — Вестфаль конгресінде бекітілді.

Теңіз құқығындағы іргелес аймақ — теңіз аумағына жанасып жатқан аймақ.

Тергеу комиссиясы — тараптар арасындағы ерекше келісім негізінде бекітіледі және келесі жағдайлар анықталады: тергеуге жататын фактілер, комиссия қызметінің тәртібі мен мерзімі, оның өкілеттігі.

Трансферт — бұл бір мемлекеттен екінші мемлекетке өтетін халық аумағын беру, яғни тиісінше бір мемлекеттің азаматтығынан екінші мемлекеттің азаматтығына өтуі.

Трансформация — халықаралық құқық нормасын мемлекеттік ішкі құқық нормасына айналдыру, қайта құру тәсілі.

Тұлғаның орын ауыстыруы — түрлі жұмыстарға қолдану арқылы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлеріктер мен олардың жақтастарының басып алған аумақтан күштеп көшірілген тұлғалар.

Тікелей келіссөздер — тікелей қатынас орнату және олардың арасында келісімге жету жолымен дауласушы тараптардың арасында түсініспеушілікті шешуді қарастырумен сипатталады.

- У -

Уақытша бітімді бұзу — тараптардың бір жағы әскери әрекеттерді қайтадан бастауы.

Уақытша шетел органдары — халықаралық ұйымдар сессиясында, арнайы миссияда, халықаралық конференцияда, мемлекеттердің делегациясы.

- Ұ -

Ұжымдық қауіпсіздік — халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ұстану, күш қолдану актілерінің алдын алу және басу мақсатындағы БҰҰ жарғысымен және өзге де құқықтық актілермен белгіленген әмбебап және аймақтық негізде мемлекеттердің бірлескен әрекет жүйесі.

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің негізгі міндеттемелері — дауларды бейбіт түрде шешу, күш қолдану және күшпен қауіп төндіру, кез келген халықаралық әлемдегі қауіпті тыю.

Ұлттар Лигасының Жарғысы — 1919 жылы 28 сәуірде қабылданды.

Ұлттық заңды тұлғалар — жеке тұлғалармен ұқсастығы бойынша халықаралық құқық субъектілерімен танылады, яғни халықаралық құқық субъектілерінің әр алуандық презумпциясынан шыға отыра.

Ұлттық құқықтың халықаралық құқықтан үстем (примат) теориясы (Гегель) — халықаралық құқық тек сыртқы мемлекеттік құқық деп түсіндіріледі.

- Ф -

Факультативтік хаттама — дербес құжат түрінде қол қойылатын көп-жақты халықаралық шарттың әр түрлілігі.

- Х -

Халық — белгілі бір мемлекеттің аумағында тұратын және оның құқықтық өкілеттігіне жататын адамдар жиынтығы.

Халықаралық арбитраж — дауларды қарау тараптардың келісуі негізінде жеке тұлғамен немесе адамдар тобымен ұйымдастырылады, олардың шешімі тараптар үшін міндетті.

Халықаралық арбитраждық қарау — даудың шешілуі үшін үшінші жаққа (арбитрға) беру. Оның шешімі соңғы және дауласушы тараптар үшін міндетті.

Халықаралық аумақтың құрамы — ашық теңіз, Антарктика, олардың үстіндегі әуе кеңістігі, ғарыш кеңістігі.

Халықаралық әдет — заңды міндетті норманың сипаты танылмайды, ал бұған мемлекет өзаралық сыпайылық тәртібінде ат салысатын халықаралық тәжірибе.

Халықаралық әдет-ғұрып — мемлекеттердің ұзақ біркелкі тәжірибесінің негізінде және олармен міндетті күші бар деп танылуымен белгіленген халықаралық мінез-құлқының жазылмаған нысаны.

Халықаралық бақылау — нақты жағдайларды белгілеу және құқық нормасының талаптарына сәйкестігін бағалау. Осы әдістің негізін ақпарат жинау және бағалау құрайды.

Халықаралық бұғаздар — еркін жүзуге арналған ұзақ тарихи кезеңде теңіздер мен мұхиттарды және олардың бөліктерін қосатын халықаралық кеме жүзуде қолданылатын бейбіт су жолдары.

Халықаралық гуманитарлық құқық — әскери қақтығыстар кезеңінде антигумандық әдістермен құралды қолдану, олардың жауапкершілігін бұзылуын анықтайтын және оның құрбандарын, қорғау мақсатында соғысатын жақтардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтың қағидаларының нормаларының жүйесі.

Халықаралық гуманитарлық құқықтағы капитуляция — бұл жеңген жақтың әсерімен әскери әрекеттерді тоқтату.

Халықаралық деликтілер — жеке мемлекетке немесе халықаралық құқық субъектілерінің шектелген шеңберіне зиян келтіретін құқыққа қарсы әрекеттер.

Халықаралық жария құқығындағы жауапкершілік түрлері — мемлекеттердің жауапкершілігі, халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі; саяси, материалдық.

Халықаралық каналдар — үдемелі кеме жүзу жолында белгілі бір мемлекеттің шегінде орналасқан және халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес қолданылатын жасанды су жолдары.

Халықаралық қауіпсіздік құқығы — халықаралық қатынастарда қарулы күш қолданудың алдын алу, күш қолдану актілерінің жолын кесу, қарулануды қысқарту және шектеу мақсатында мемлекеттермен халықаралық құқықтың өзге де субъектілерінің әскери-саяси қатынасын реттейтін принциптер жүйесі.

Халықаралық қауіпсіздік түрлері — аумақтық, әмбебап.

Халықаралық құқық — бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында мемлекетаралық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Халықаралық құқық — бұқаралық қауымдастықтың қоғамдық даму заңдылықтарының қолдануымен байланысты, мемлекеттердің соған қатысты келісімді еркін білдіретін және халықаралық қатынастарды реттейтін, шарттық және принциптер жүйесі.

Халықаралық құқық ғылымының жүйесі — субъективтік түсіну мен баяндаудағы халықаралық заңгерлердің немесе жеке заңгерлердің ғылыми ойларының нәтижесі.

Халықаралық құқық доктринасы — халықаралық құқықтың нақты тарихи жағдайлардағы мәні мен мақсаты туралы көзқарастар мен тұжырымдамалар жүйесі.

Халықаралық құқық доктринасында гроцианттар теориясы — табиғи және позитивтік халықаралық құқықтың маңызы бірдейлігі туралы пайымдау.

Халықаралық құқық доктринасында позитивистер теориясы — табиғи халықаралық құқықтың болуын теріске шығару, халықаралық құқық позитивтік сипатта болуын дәлелдеу.

Халықаралық құқық институты — құқықтық реттеудің қандай да бір шектелген (анықталған) объектісі немесе халықаралық құқық мәртебесін белгілейтін не болмаса қандай да бір ауданның, кеңістік сферасының, өзге объектінің қолдану режимі бойынша халықаралық құқық субъектісінің қатынасына қатысты халықаралық-құқықтық норма жиынтығы.

Халықаралық құқық нормасын іске асыру механизмі — халықаралық және ұлттық деңгейдегі халықаралық құқық субъектілерімен қолданылатын нормативтік және ұйымдастырушылық-құқықтық құралдар жиынтығы. Ұлттық құқықта мемлекеттің өзінің халықаралық міндеттемелерді адал атқаруының негізгі кепілдіктерін белгілейтін жалпы сипаттағы нормалар анағұрлым көп.

Халықаралық құқық салалары — азды-көпті халықаралық құқықты реттейтін халықаралық-құқықтық институттар мен нормалардың ірі блоктары.

Халықаралық құқық субъектілері — өзінің тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттар, мемлекеттер, Ватикан, халықаралық ұйымдар.

Халықаралық құқықтағы адам құқықтары мен бостандықтарының стандарты — түрлі құқықтар мен міндеттер жүйесін, бақылау тәртібін, міндеттерді сақтамауға байланысты пайда болатын дауларды қарауды құрайды.

Халықаралық құқықтағы материалдық жауаптылық — реституция, репарация, субституция нысанында жүзеге асырылады.

Халықаралық құқықтағы мемлекеттің аумақтың құрамы — құрлық, су, әуе.

Халықаралық құқықтағы реттелетін қызмет — мемлекеттердің өзара іс-әрекеттестігінің тиісті салаларындағы айқын мінез-құлық ережелерін белгілеуде байқалады.

Халықаралық құқықтағы халықаралық механизмді іске асыру — халықаралық-құқықтық нормалардың іске асырылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттермен қолданылатын құралдар мен институттардың кешенін білдіреді.

Халықаралық құқықтың басты ерекшелігі болып табылады: құқықтық нұсқаулықты сақтауға қандай да бір мемлекеттік істілік мәжбүрлеу аппаратының болмауы.

Халықаралық құқықтың белгілері — мүшелік, құрылтай құжаттарының болуы; белгілі бір ұйымдық құрылымның болуы; бейбіт сүюшілік мақсаттың болуы; мүшелік жинақ есебінен өмір сүруі.

Халықаралық құқықтың жауапкершілігі институтының негізгі қайнар көзі — халықаралық әскери трибунал жарғысы.

Халықаралық құқықтың жергілікті нормалары — белгілі бір мемлекеттер шеңберіндегі немесе екі мемлекет арасындағы қатынастарды реттейтін мінез-құлық ережесін білдіреді.

Халықаралық құқықтың қайнар көздері — халықаралық құқық нормалары бар нысандар; **негізгі қайнар көздері** — халықаралық шарт, халықаралық әдет—ғұрып; **қосымша қайнар көздері** — резолюциялар, халықаралық ұйымдардың ұсынымдары.

Халықаралық құқықтың натуралистік доктрина теориясы — позитивтік халықаралық құқықтың болуын теріске шығару, халықаралық құқық — бұл табиғи құқықтың бір бөлшегі деп пайымдау.

Халықаралық құқықтың негізгі принциптері — 1970 жылғы БҰҰ халықаралық құқықтың принциптері туралы декларациясында көрсетілген.

Халықаралық құқықтың негізгі субъектілері — өзінің тәуелсіздігі үшін күресуші мемлекеттер, ұлттар мен халықтар.

Халықаралық құқықтың ресми тілдері — ағылшын, орыс, француз, испан, қытай, араб болып танылады.

Халықаралық құқықтың туынды субъектілері — халықаралық ұйымдар, мемлекет тәріздес ұйымдар.

Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан үстем (примат) теориясы (Кельзен) — халықаралық құқық — ұлттық құқықтың ақиқатын анықтайтын аса жоғары тәртіптегі құқық.

Халықаралық қылмыс — мемлекеттер мен ұлттардың өмір сүру негізіне қол сұғатын, халықаралық құқықтың маңыздылығына зиян келтіретін, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін аса ауыр халықаралық-құқықтық іс-әрекет.

Халықаралық өзендер — теңізге құйылғанға дейін бірнеше мемлекеттердің аумағын қиятын кеме жүзетін өзендер және халықаралық келісім негізінде барлық елдердің кеме жүзу саудасына ашық.

Халықаралық сот құзыретінің негізгі белгілері — мемлекет арасындағы дау жан-жалдар, міндетті юрисдикциялық ережені қолдану, халықаралық соттағы дауларды қарауға келісім беру.

Халықаралық соттағы қаралатын даудағы тараптар — тек қана мемлекеттер болып табылады.

Халықаралық сыпайлық — тату көршілік, достастық, қонақжайлық, артықшылықтар, жеңілдіктер беру, актілері.

Халықаралық тәжірибеде орын алған мінез-құлық ережесіне сәйкес, міндетті сипат танылады — бұл халықаралық әдеп-ғұрып.

Халықаралық теңіз құқығы — халықаралық құқық нормаларының, оның теңіздер мен мұхиттар кеңістігінде қызмет барысында субъектілерінің арасындағы қатынасты реттейтін жиынтығы.

Халықаралық ұйымдар — тұрақты үкіметаралық және үкіметтік емес бірлестік сипатта халықаралық мәселелерді халықаралық келісімдегі жәрдемдесу мақсаты мен құрылтай құжаттарында көзделгендей, мемлекеттердің ынтымақтастығын жан-жақты дамыту.

Халықаралық ұйымдар құқығы — қазіргі халықаралық құқық саласы, халықаралық ұйымдардың құқықтық мәртебесін және қызметін құру мәселелерін реттейтін біріктіруші принциптер мен нормалар.

Халықаралық ұйымдар құқығы — үкіметаралық ұйымдардың дәрежесін реттейтін, оның субъективтік құрамы, құрылымы, құзіреті, қызметінің реті оның заңи күшінің норма жиынтығы.

Халықаралық ұйымдардағы сайлаудың негізгі тәсілі — көпшілік дауыс принципі.

Халықаралық ұйымдардың негізгі белгілері — шарттық негіз, егеменді мемлекеттердің қатысуы, белгілі бір мақсаттардың болуы, тұрақты әрекет етуші органдар жүйесі, құқықсубъектіліктің болуы.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдар — ерекше сипаттағы халықаралық құқық субъектілері. ХҰҰ халықтарға не болмаса аумаққа ие емес, сондықтан халықаралық құқықтың ерекше субъектілері болып табылады.

Халықаралық шарт — мемлекеттердің арасындағы жазбаша нысанда бекітілген және мұндай келісім бір құжатта тұратындығына, екі немесе бірнеше құжаттар бір-бірімен байланысты емес, сонымен қатар оның нақты аталуымен байланысты емес халықаралық келісім.

Халықаралық шарт денонсациясы (жойылуы) — егер бас тарту шарттың ережесімен тікелей көзделген жағдайда, бұл мемлекеттің олардың өзге қатысушыларын алдын ала ескертуімен шарттан бас тартуы; халықаралық шарттың тоқтатылуы.

Халықаралық шарт жаңалығы — халықаралық шарт бойынша міндеттемелерді жаңарту.

Халықаралық шарт қатысушылары — халықаралық құқықтың барлық негізгі субъектілері.

Халықаралық шарт құқығы — халықаралық құқық саласы, шарттың негіздемесін, халықаралық шарттың әрекетін, өзгерісін, тоқтатылуы мен қорытынды тәртібін анықтайтын норма.

Халықаралық шарт құрылымының негізгі бөлігін құрайды — тарау, бап, параграфтар.

Халықаралық шарт тексерісі — халықаралық шартқа түзетулер енгізу немесе оны өзгерту.

Халықаралық шарттар құқығы аясындағы алғашқы жинақталған акт — 1928 жылғы шарттар туралы Гаван Конвенциясы.

Халықаралық шарттар туралы Вена Конвенциясы қабылданды — 23.05.1969 жылы.

Халықаралық шарттардың қайнар көзі болып табылатын негізгі құжат — 1969 жылғы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы.

Халықаралық шартты парафирлеу — шарттағы мәтінді мемлекеттің келісілген уәкілінің аты-жөнімен аутентикалық мақұлдануы, осымен шарттың келісілген мәтінінің аяқталғанын куәландырады.

Халықаралық шарттың күшін жою — мемлекеттің шарттан бір жақты бас тартуын білдіретін халықаралық шарт әрекетін тоқтату тәсілі. Шарт бір жақты бас тартуға байланысты оған қатысушылар үшін міндетті күшін жоғалтады.

Халықаралық шарттың құрылымы — тарау, бап, параграф.

Халықаралық шарттың преамбуласы — негізгі мақсаттар мен міндеттерден тұратын халықаралық шарттың бөлімі.

Халықаралық шарттың түпнұсқасын депозитарийге сақтауға беру — халықаралық шартты сақтауға беру.

Халықаралық ынтымақтастық принципі — мемлекеттердің егеменді теңдік принципі.

Халықаралық-құқықтық жауапкершілік — халықаралық құқықтық міндеттемелердің бұзылу нәтижесіндегі халықаралық құқық субъектісіне қатысты туындайтын теріс сипаттағы заңдық себеп салдар.

Халықаралық-құқықтық жауапкершілік түрлері — ратификация, сатисфакция, реституция, санкция.

Халықаралық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың жеке түрлері — қуғын сүргіндегі үкімет; соғысушы тараптар; мемлекет тәріздес ұйымдар болып табылады.

Халықаралық-құқықтық норма — бұл мемлекеттер мен халықаралық құқықтың өзге де субъектілерінің мінез-құлқының және өзара қатынасының жалпы міндетті ережесі. Аталмыш нормалардың оларды ерекше құқықты жүйеге ынталандыратын ерекшелігі бар.

Халықаралық-құқықтық тану — халықаралық құқықтың жаңа субъектісінің пайда болуын растайтын, сондай-ақ оның дипломатиялық және өзге де негізделген халықаралық құқықтағы қатынастарды орнатуды лайықты деп санайтын мемлекет актісі.

- Ц -

Цессия — екі мемлекеттің арасындағы келісім бойынша бір мемлекеттің екінші мемлекетке шекарасын беруі.

- Ш -

Шарасыздан қоныс аударушы — бұл жеке тұлғаның немесе оның отбасы мүшелеріне қатысты жасалған зорлық салдарынан, өзгеше жағдайда немесе қандай да бір діни наным, тілі, нәсілдік белгісі немесе ұлттық тиесілігі бойынша қудаланатын нақты қауіп-қатер салдарынан тұрғылықты жерін тастап кеткен, сонымен қатар жаппай қоғамдық тәртіпті бұзатын, нақты тұлға не болмаса топқа қатысты өшпенділік үгіт өткізуі үшін себеп болған белгілі бір әлеуметтік топқа немесе саяси наным тиесілігінің белгісі бойынша шарасыздан тастап кеткен азамат.

Шарт сипаты болмайтын, бірақ үлкен моральдық саяси күші бар халықаралық актілер — резолюциялар, декларациялар, әрекет бағдарламалары.

Шекараны делимитациялау — карталарда, сызбаларда, жоспарларда жүзеге асырылатын мемлекеттік шекара сызығының шартты белгісі.

Шетел азаматтары — қандай да бір мемлекеттің аумағында орналасқан және оның азаматы болып табылмайтын, басқа мемлекеттің азаматтығы бар тұлға.

- І -

Ішкі континенттік мемлекеттер — теңізге шыға алмайтын мемлекеттер.

Ішкі сулар — теңіздік және теңіздік емес сулардан тұрады. Ішкі теңіздік емес сулар бұлар өзендер, бұлақтар, көлдер және өзге де су құбырлары. Ішкі теңіз сулары — бұлар бір мемлекеттің құрғақ жерлерінің қоршап жатқан сулар және барлық теңіз жағалары және басқа теңізбен екі жағаны қосушы теңіздер сол мемлекеттің теңізі болып табылады.

- Э -

Экоцид — өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфера, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апат туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасау.

Экстрадиция — қылмыскерді ұстап беру (қараңыз).

Экстрадиция егер қылмыс жасаған адамға қатысты үкім шығарылып қойса немесе істі тоқтату туралы қаулы бар болса жүргізілмейді.

- Ю -

Шарт тоқтатылды деп саналады — инкорпорация күшіне, шарт объектісінің жойылуына, шарт субъектісінің хабар-ошарсыздығына, жаңа императивтік норманың пайда болуына байланысты.

Шарттың міндеттілігіне келісім білдіру (opinio juris) — бұл халықаралық шарт жасау сатысы. Бұл оның күшіне енуіне қажетті. Opinio juris көрініс түрі — қол қою, құжаттармен алмасу, ратификация, қосылу, бекіту, қабылдау.

Шарттың міндеттілігіне келісім білдіру тәсілдері — қол қою, құжаттармен алмасу, қабылдау немесе бекіту, ратификациялау.

Швейцарияның бейтараптығы Вестфальдық конгресте жарияланды.

Шекара демаркациясы (белгілеу) — тұрғылықты жерде мемлекеттік шекара сызығын анықтау және белгілеу.

Шекара редемаркациясы — бұрынғы әрекет етуші шарттық құжаттар негізінде тұрғылықты жерде мемлекеттік шекараны тексеру және сызықты қалпына келтіру.

Шекараға қол сұғылмаушылық — тиісті рұқсатсыз немесе белгіленген ережесіз шекарадан өту принципті бұзу болып табылады.

Шетел азаматтарының мәртебесін өз азаматтарының мәртебесіне тенестіру — ұлттық режим мазмұнын құрайды.

Шетелдік істер ведомствосы — мемлекеттердің сыртқы қатынастарына жедел арада басшылық ететін тікелей орган.

- Я -

Ядролық қаруды таратпауға халықаралық бақылауды жүзеге асырады — МАГАТЭ.

Светлана Нұрханқызы Исаева
Талғат Рахымберліұлы Сейдығалиев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҒЫ

Қазақша терминдер сөздігі

Редактор: Д. Рахымберлі
Техникалық редактор: Р. Стафеев
Корректорлар: Д. Рахымберлі, Ж. Жалмаханова

Тексеруге 21.01.2016 ж. 26.01.2016 ж. кол қойылды.
Қалабы 60×84¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табақ 1,98. Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 788.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2016 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 26.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124